


«Күз сыйы» көрмесі



Мақсаты:

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, табиғи материалдармен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту және отбасы тәрбиесінің маңызын арттыру.

Міндеттері:

- табиғи материалдарды тиімді пайдаланып, шығармашылық жұмыстар орындауға үйрету;
- балалар мен ата-аналардың бірлескен шығармашылық әрекетін ұйымдастыру;
- табиғатқа қамқорлықпен қарау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру;
- еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа, эстетикалық талғамға тәрбиелеу;
- балалардың қиялын, шығармашылық ойлауын және ұсақ қол моторикасын дамыту.

Тақырыптық анықтама:

Іс-шара барысында балалар ата-аналарымен бірлесіп күз мезгілінің табиғи сыйларын (жапырақтар, бүрлер, жаңғақтар, асқабақ, көкөністер, жемістер және басқа да табиғи материалдар) пайдалана отырып түрлі қолөнер бұйымдарын әзірлейді. Ұйымдастырылған көрмеде әр отбасының шығармашылық жұмыстары таныстырылып, балалар өз туындылары туралы әңгімелейді. Көрме барысында еңбекке деген сүйіспеншілік, шығармашылық ізденіс, отбасы мүшелерінің өзара ынтымақтастығы және табиғатты аялау құндылықтары насихатталады. Сонымен қатар балалардың эстетикалық талғамы дамып, табиғи материалдарды ұқыпты әрі тиімді қолдану дағдылары қалыптасады. Іс-шара соңында белсенді қатысқан тәрбиеленушілер мен ата-аналар Алғыс хаттармен және мадақтамалармен марапатталып, көрме қорытындысы шығарылады.

